



# Батырлар ерлігі ұмытылмайды

**Дала өлкесі тарихы  
облыстық мұражайының  
ұйымдастыруымен  
Кенесары Қасымұлы  
бастаған ұлт-азаттық  
көтерілістің 185 жылдығы  
мен сол көтерілістің  
даңқты батырлары,  
жерлестеріміз  
Назарғұлұлы Жәуке,  
Бекқұлұлы Толыбай,  
Елденұлы Телет  
батырлардың 200  
жылдығына арналған  
«Ерлік дәстүр және елдік  
мұраты» атты іс-шаралар  
легі өткізілді.**

Арқалық қаласы мен қатар, көршілес Амангелді, Жангелдин аудандарынан, Астана қаласынан келген өлкетанушылар мен мұражай қызметкерлері, тарихшы мамандар мен батырдың ұрпақтары қатысқан жиын Төлек Жәуке батырдың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталып, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында ғылыми-практикалық конференцияға ұласты. Сөз тізгінін филология ғылымдарының кандидаты Айбек Қалиев ұстаған конференцияны қала әкімі Әмірхан Асанов құттықтау сөзбен бастап берді. Одан әрі баяндамашылармен жалғасқан конференция

жұмысында Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ доценті, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Роман Аймағамбетұлы «Кенесары хан бастаған қозғалыс: мәні мен ерекшеліктері» (Арқалық қаласы), «Құрмет белгісі» орденінің иегері, өлке тарихының білгірі Мұхтар Қоденұлы «Кенесары көтерілісіне қатысқан Торғайлық батырлар» (Амангелді ауданы), Халықаралық Шыңғысхан академиясының академигі, өлкетанушы Шөптібай Байділдаұлы «Төлек Жәуке батыр және Кенесары көтерілісі» (Арқалық қаласы), «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешенінің басшысы» Гүлбану Күлетқызы «Елдік мұратын дәріптеу: Кенесары көтерілісі негізінде» (Жангелдин ауданы), Амангелді мемориалдық мұражайының басшысы Сахан Оңжанұлы «Ерлік дәстүр жалғасы» (Амангелді ауданы) тақырыбында баяндама жасады. Конференция соңында Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы мен Жәуке батырдың тікелей ұрпағы Құралай Мейрамханқызы сөз сөйлеп, келген көпшілікке батыр ұрпақтарының атынан өз алғысын білдірді. Конференция жұмысынан кейін арнайы қонақасы беріліп, алаштың азаттығы үшін ақтық демі қалғанша күресіп өткен баһадүр бабалардың рухына құран бағышталды.

**Әсел ӘБДІЛДИНА,**  
мұражайдың ғылыми  
қызметкері